

Мәслихаттың 2016 жылғы 16 қарашадағы № 60 "Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 81 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 7020 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2018 жылғы 1 тамыздағы № 187 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 01.08.2018 № 187 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 16 қарашадағы № 60 "Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6717 тіркелген, 2016 жылғы 2 желтоқсанда "Қамысты жаңалықтары – Камыстинские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Құдайкұлов

Қамысты аудандық

мәслихатының хатшысы

С. Қыстаубаева

КЕЛІСІЛДІ

"Қамысты ауданы әкімдігінің тұрғын үй
-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Ж. Баймұрзиин

2017 жылғы 29 наурыз

Қамысты ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық мөлшері, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,46
2	Интернаттар	1 орын	1,06
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,45
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	1,37
5	Мекемелер, ұйымдар, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,61
6	Емханалар	1 адам	0,53
7	Ауруханалар	1 төсек-орын	1,9
8	Мектептер	1 оқушы	0,18
9	Дәмханалар	1 орын	1,35
10	Концерт залдары	1 орын	0,35
11	Мұражайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,14
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,02
13	Спорт залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,26
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	0,61
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	0,41
16	Өнеркәсіптік дүкендер	Сауда алаңы 1 м ²	0,52
17	Дүңгіршектер	Сауда алаңы 1 м ²	0,41
18	Азық-түлік тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,17
19	Өнеркәсіптік тауарлардың қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,16
20	Вокзалдар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,32
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,16
22	Автожанармай құю станциялары	1 машина-орын	0,31
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	3,15
24	Шаштараздар	1 жұмыс орны	0,79

25	Тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,39
26	Аяқ киімді жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	1,3
27	Моншалар	Жалпы алаңы 1 м ²	2,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК